

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік

Болашақ лидерлерді мақсат, теңдік және іс-әрекет арқылы тәрбиелеу



Біздің мақсатымыз

Haileybury Astana-да қоғаммен байланыс және әлеуметтік жауапкершілік — бұл қосымша бағдарламалар емес, жас ұрпаққа білім берудің негізі. Біздің миссиямыз тек академиялық жетістіктермен шектелмейді; біз мінез-құлықты, эмпатияны, көшбасшылықты және жаһандық түсінікті мақсатты түрде дамытуға ұмтыламыз. Бұл қасиеттер тек табысты тұлғаны емес, саналы әрі жауапты азаматты қалыптастырады.

Үздік мектеп тек емтихан нәтижелерімен ғана емес, оның қоғамға және бүкіл әлемге тигізетін тұрақты оң әсерімен өлшенеді деп нық сенеміз. Тұрақты даму бастамалары, әдеп нормалары, ауқымды серіктестіктер, шынайы студенттік көшбасшылық және жан-жақты әл-ауқат бағдарламалары арқылы біздің оқушылар қоғамның белсенді мүшесі және өз болашағының сенімді құрылысшысы болуды үйренеді.

Бұл есеп Haileybury Astana-ның шынайы әлеуметтік құндылықтарды қалай тудыратыны туралы акционерлерімізге ұсынылған ашық есеп болып табылады. Бұл құндылық мектеп шекарасынан асып, біз байланыста жүрген қауымдастықтарға, мекемелерге және адамдардың өміріне әсер етеді. Мұндағы мәліметтер біздің атқарып жатқан жұмысымызды ғана емес, білім беру ісінің ең жоғары деңгейде неге қол жеткізе алатынына деген сенімімізді көрсетеді.

Мазмұны

Қоғам және әлеуметтік әсерге қысқаша шолу	04
BEACON бастамасы	06
Оқушылардың білімі мен көшбасшылық әсері	09
Экологиялық жауапкершілік және тұрақты дамуды оқыту	10
Әдеп нормаларын түсіну және жаһандық азаматтық	17
Қоғамдық қызмет және әлеуметтік үлес	18
Әл-ауқат, қауіпсіздік және тұлғалық даму	19
Серіктестік және ынтымақтастық	20
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және инклюзия	22
Болашаққа көзқарас	24

Қоғам және әлеуметтік әсерге қысқаша шолу

Біздің мектептегі әлеуметтік әсер ету стратегиямыз өзара байланысты алты бағытқа негізделген:

01

BEACON бастамасы

Аймақтық қамту
және білім берудегі
теңдік

02

Студенттік көшбасшылық және әлеуметтік әсер

03

Экологиялық жауапкершілік және тұрақты дамуды оқыту

04

Әдеп нормаларын түсіну және жаһандық азаматтық

05

Қоғамдық қызмет және әлеуметтік үлес

06

Әл-ауқат, қауіпсіздік және тұлғалық даму

Бұл бағыттар оқу бағдарламасына интеграциялау, студенттік көшбасшылық мүмкіндіктері, отбасылық серіктестік және оқушылардың академиялық әрі тұлғалық өсуіне ықпал ететін әлеуметтік-тәжірибелік жобалар арқылы нығайтылады.



BEACON бастамасы



Баршаға стандарттарды арттыру

«BEACON» бастамасы—Haileybury Astana мектебінің аймақтық ауқымдағы жетекші стратегиясы және Орталық Азиядағы білім беру теңдігін қамтамасыз ететін бірегей бағдарламасы болып табылады. Жергілікті деңгейдегі алшақтықты жою мақсатында қолға алынған бұл жоба тегін конференциялар, байқаулар, подкастар, шәкіртақылар мен институционалдық серіктестіктер арқылы мектеп тәжірибесін ең мұқтаж қауымдастықтардың игілігіне ұсынады.

Коммерциялық емес негізде құрылған «BEACON» жобасы жоғары сапалы білім мен мүмкіндіктердің тек халықаралық мектеп оқушыларымен шектеліп қалмай, кеңінен таралуын қамтамасыз етеді. Бұл — аймақтағы барлық педагогтар мен мектептер үшін мультипликативті әсер тудырып, оқыту мен ынтымақтастықтың тұрақты экожүйесін қалыптастыратын ұзақмерзімді әрі серпінді стратегия.

Халықаралық танымалдылық

2025 жылы BEACON бастамасы беделді «TES International School Awards» байқауының «Қоғамдық бастама» (Community Initiative) номинациясы бойынша финалистер тізіміне (shortlist) енді. Білім беру саласының тәуелсіз сарапшылары тарапынан берілген бұл баға Haileybury Astana мектебін өзінің әлеуметтік жобаларының ауқымы, тұрақтылығы және өлшенетін нәтижелері бойынша әлемдік деңгейдегі үздік білім беру мекемелерінің қатарына қосты. Тарихы терең әрі ірі халықаралық бағдарламалармен қатар танылу — бұл бастаманың ауқымы мен жүйелілігінің сыртқы нарықта жоғары бағаланғанын айқын дәлелдейді.

Haileybury Astana үшін бұл мәртебе қол жеткізген табыстарды айғақтап қана қоймай, болашақ дамуға деген жауапкершілікті арттырады. Бұл серіктестерге, акционерлерге және қоғамға BEACON жобасы арқылы жасалып жатқан әлеуметтік құндылықтың халықаралық стандарттарға сай екенін көрсетеді. Салынып айтқанда, бұл марапат мектептің бүкіл аймақта білім беру теңдігін қамтамасыз ететін шынайы қозғаушы күшке айналу мақсатын сәтті жүзеге асырып жатқанын растайды.

BEACON жобасының өлшенетін нәтижелері

BEACON — бұл бірреттік жоба емес; бұл мектептерге, педагогтарға, оқушыларға және қауымдастықтарға оң әсерін үздіксіз тигізіп, оқыту мен ынтымақтастықтың тұрақты экожүйесін қалыптастыратын ұзақмерзімді стратегия.



Кәсіби даму конференциялары

- Орталық Азия мен MENA (Таяу Шығыс және Солтүстік Африка) аймағындағы 50-ден астам мектептің мұғалімдері мен басшылары қатысты.
- Қатысушылардың қанағаттану деңгейі — 94,8%.
- Қатысушылардың 100%-ы болашақта осындай іс-шараларды ұйымдастыруды сұрады.
- Жаңа оқыту стратегияларының сабақ процесіне бірден енгізілгені туралы кері байланыс алынды.



Оқушыларға арналған мүмкіндіктер

- Қазақстандағы ең ірі Робототехника олимпиадасын өткізуші.
- Түрлі әлеуметтік-экономикалық ортадан шыққан 900-ден астам оқушы қатысты.
- Инновациялар, инженерия және мәселелерді бірлесіп шешуге арналған ұлттық платформа қалыптасты.



Шәкіртақылар және қолжетімділік

- 15 жыл ішінде 5 миллион фунт стерлингтен астам инвестиция құйылып, дарынды жергілікті оқушыларға 100-ден астам шәкіртақы берілді.
- Шәкіртақылық қолдау енді 9-сыныптан басталады, бұл дарынды жастарды ерте жастан, яғни тұлғалық қалыптасу кезеңінде бағыттауға мүмкіндік береді.
- Әрбір шәкіртақы баланың өмірін түбегейлі өзгертіп, таланты бар жастардың қаржылық жағдаймен шектелмейтінін дәлелдейді.



EdPod білім беру подкастары

- Тақырыптар қатарында: Білім берудегі жасанды интеллект (AI), STEM, университетке түсу және болашақ білім беру форматы бар.
- Аймақтағы мұғалімдерге, ата-аналарға және оқушыларға қолжетімді.
- Білім берудегі теңдікті қолдайтын ашық әрі тегін білім алмасу платформасы.



Аймақтық көшбасшылық және ықпал

- Педагогтарды даярлайтын институттардағы консультациялық (кеңесші) рөлдер.
- Ұлттық оқу бағдарламаларын әзірлеуге қосылған үлес.
- Университеттермен, үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ) және мемлекеттік органдармен ынтымақтастық.



Оқушылардың білімі мен көшбасшылық әсері

Haileybury Astana-да қоғамдық жобаларға қатысу оқушылардың тұлғалық дамуымен тікелей байланыстырылған. Осы бастамалар арқылы оқушылар:

- Коммуникация, ынтымақтастық және сыни ойлау дағдыларын нығайтады.
- Өздері жетекшілік ететін жобалар мен қатарластар тәлімгерлігі (менторлық) арқылы көшбасшылықты дамытады.
- Мәдениетаралық түсіністік пен әдеп нормаларын сезінуді қалыптастырады.
- Портфолиоға лайықты тәжірибе жинақтау арқылы университетке және мансапқа дайындығын арттырады.
- Эмпатияны, төзімділікті және әлеуметтік жауапкершілікті арттырады.
- Сыныпта алған білімдерін шынайы өмірдегі мәселелерді шешумен байланыстырады.

Қоғамға қызмет ету тек қайырымдылық ретінде ғана қарастырылмайды — бұл баланың болмысын, өмірлік мақсатын және дербестігін қалыптастыратын трансформациялық білім беру процесі.





Экологиялық жауапкершілік және тұрақты дамуды оқыту

Әрбір іс-әрекет маңызды

Haileybury Astana-да тұрақты даму — бұл бірреттік науқан емес, мектептің күнделікті өміріне, студенттік көшбасшылыққа, оқу бағдарламасына және қоғамдық серіктестікке енгізілген мәдениет. Біз маңызды экологиялық өзгерістер күнделікті әдеттерден басталып, ұжымдық іс-әрекет, білім

беру және жаһандық ынтымақтастық арқылы өсетініне сенеміз. Қарапайым қоқыс сұрыптаудан бастап халықаралық климаттық диалогтарға дейін біздің қауымдастық әрбір іс-әрекеттің маңызды екенін терең түсінеді.

Күнделікті тұрақты даму: Мектептегі қоқысты қайта өңдеу бастамалары

Экологиялық жауапкершілік мектеп қауымдастығының барлық мүшелеріне көрінетін әрі қолжетімді қарапайым, тұрақты әдеттерден басталады. Кампус аумағында біздің «Эко-мектеп сарбаздары» (Eco-School Warriors) өзірлеген түрлі-түсті жәшіктер арқылы қоқысты сұрыптау күнделікті әдетке айналған. Бұл сыныптар мен ортақ кеңістіктерде қағазды қайта пайдалануды және қалдықтарды азайтуды ынталандырады.

Мектеп кіреберісінде орнатылған танымал «Теңіз балығы» (Metal Fish) инсталляциясы мұхиттарды қорғауға деген ниетімізді білдіреді. Оқушылар пластик бұйымдарды осы құрылымға тастайды, содан кейін олар жауапты өңдеу үшін қайта өңдеуші серіктестерге жіберіледі. Бұл көрнекі белгі әрбір адамның іс-әрекеті ауқымды экологиялық нәтижелерге үлес қосатынын еске салып тұрады.

Қалдықтарды жауапты басқаруды одан әрі қолдау мақсатында фандомат пластик шөлмектер мен алюминий құтыларды жинауға ынталандырады. Оқушылар мен қызметкерлер шағын сыйақы алуды немесе түскен қаражатты Арал теңізін құтқару бастамасы сияқты экологиялық жобаларға аударуды таңдай алады. Бұл қарапайым қайта өңдеу әрекеттерін маңызды әлеуметтік және экологиялық үлеске айналдырады.

Бұл бастамалар бірлесе отырып, мектеп қауымдастығына жасыл әрі тұрақты болашаққа нық қадам басуға мүмкіндік береді.





Оқыту және шығармашылық арқылы тұрақты дамуға қол жеткізу

Бастауыш мектептің тұрақты даму көрмесі

Экологиялық білім беру зерттеулер мен шығармашылық жобалар арқылы оқу бағдарламасына толық интеграцияланған. Дәстүрлі оқулықтардан тыс, оқушылар экологиялық жүйелер мен адам әсерін белсенді зерттейді. Жыл сайынғы Бастауыш мектептің тұрақты даму көрмесі оқушылардың ізденісін, қиялын және табиғатты болашақ ұрпаққа сақтау жауапкершілігін көрсететін негізгі шара болып табылады.

Оқу жылы бойы оқушылар биоәртүрліліктің жоғалуы, қалалар тұрақтылығы және Қазақстанның экологиялық мәселелері сияқты маңызды тақырыптарды зерделейді. Олардың жұмыстары әсерлі эко-модельдер, мультимедиа, өнер туындылары мен қойылымдар арқылы жаһандық принциптерді жергілікті контекстпен шебер байланыстырады. Бұл дерексіз жаһандық мәселелерді жас білім алушылар үшін нақты әрі түсінікті етеді.

«QazaqGeography» сияқты ұйымдармен серіктестік сыныптағы білімді шынайы өмірлік сараптамамен ұштастырып, оқуды байыта түседі. Бұл көрме тұрақты дамудың ғылыми әрі шығармашылық ізденіс екенін дәлелдеп, оқушыларды қоршаған ортаның белсенді жанашыры болуға қанаттандырады.

Жергілікті іс-әрекет, жаһандық ынтымақтастық

Тал егу және COP30 аллеясы

Haileybury Astana-дағы экологиялық жауапкершілік тек түсіндірумен шектелмей, нақты іс-әрекеттермен ұштасады. Тал егу шарасы мен COP30 аллеясы бастамасы — жергілікті табиғатты қорғау мен халықаралық климаттық қозғалыстардың арасындағы берік байланыстың көрінісі.

Экологиялық қорлармен бірлесе ұйымдастырылған және беделді отандық әрі халықаралық қонақтар қолдау көрсеткен бұл жоба аясында 30 түп ағаш егілді. Бұл алдағы

жаһандық климаттық конференциямен ынтымақтастықты білдіреді. Ендігі жерде COP30 аллеясы — кампустың жасыл желек қана емес, жастардың климаттық бастамаларының, серіктестік пен тұрақты дамуға деген адалдығының тірі символы.

Бұл бастама жергілікті экологиялық талпыныстардың жаһандық диалогтарға елеулі үлес қоса алатынын және ортақ жауапкершілікті арттыратынын көрсетеді.



Жастардың климаттық көшбасшылығы және жаһандық ынтымақтастық

Оқушылар тек жергілікті деңгейде әрекет етіп қоймай, жаһандық экологиялық көшбасшылыққа да араласуға ынталандырылады. Халықаралық өкілдермен климаттық көшбасшылық сессиялары және жаһандық «Эко-мектептер» форумдарына қатысу арқылы олар халықаралық тұрақты даму диалогымен танысады және жаһандық шешімдерге

өз үлестерін қосуға сенімділік алады. Бұл тәжірибе оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, мәдениетаралық ынтымақтастықты дамытады және оларды өз қауымдастығынан тыс жерде де экологиялық болашақты қалыптастырудың белсенді қатысушысы ретінде көрсетеді.



Қоғамның қатысуы және экологиялық іс-әрекет

Экологиялық жауапкершілік бүкіл қоғамның бірлесе атсалысуы арқылы нығая түседі. Халықаралық сенбіліктер мен қалалық экологиялық іс-шараларға қатысу ортақ жауапкершілік пен азаматтық белсенділіктің

маңыздылығын арттырады. Мұндай сәттер қоршаған ортаны жақсартуда оқушылар, отбасылар, қызметкерлер мен сыртқы серіктестер арасындағы ынтымақтастықтың маңызы зор екенін айқын көрсетеді.


Жергілікті іс-әрекет, жаһандық ынтымақтастық

«Жасыл ту» марапаты

Haileybury Astana экологиялық білім беру мен тұрақты тәжірибедегі үздіктің халықаралық белгісі — Эко-мектептердің «Жасыл туын» (Green Flag) иеленгенін мақтан тұтады. Бұл жетістік оқушылардың, қызметкерлер мен мектеп қауымдастығының экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы еңбегі мен көшбасшылығының нәтижесі болып

табылады.

«Жасыл ту» оқушылар бастамасымен қабылданған шешімдерді, тұрақты даму жобаларындағы инновацияларды және қоршаған орта алдындағы ұзақмерзімді жауапкершілікті айғақтайды. Бұл марапат қол жеткізген табыстарды атап өтумен қатар, экологиялық білім беруді одан әрі дамытуға үлкен серпін береді.





Жауапкершілік мәдениеті

Haileybury Astana-дағы тұрақты даму жекелеген, тіпті өте маңызды іс-шаралармен ғана шектелмейді, ол үздіксіз дамып келе жатқан жауапкершілік мәдениетімен сипатталады. Күнделікті әдеттер, зерттеу мен шығармашылыққа негізделген оқу, шынайы студенттік көшбасшылық, ауқымды серіктестік және халықаралық ынтымақтастық арқылы біздің қауымдастық экологиялық тұрғыдан саналы жас азаматтарды тәрбиелейді. Олар жай ғана нұсқаулықтар арқылы емес, өз тәжірибесі арқылы қауымдастық деңгейінде біріккен және уақыт өте келе тұрақты түрде жалғасқан шағын іс-әрекеттердің маңызды әрі ұзақмерзімді өзгерістерге әкелетінін терең түсінеді.

Этикалық сана және жаһандық азаматтық

Біз мектепте құрмет, төзімділік және жаһандық жауапкершілік мәдениетін мақсатты түрде әрі жүйелі дамытамыз. Haileybury Astana-да этикалық сана жай ғана жиын тақырыбы немесе тәрбие сағатының қосымшасы емес, ол академиялық бағдарламаға, студенттік ұйымдарға және адамзат алдында тұрған ең өзекті мәселелермен айналысатын ұйымдармен серіктестігімізге толықтай енгізілген. Біз ашық диалог, шынайы ой толғау және нақты іс-әрекеттер үшін арнайы кеңістік қалыптастырамыз.

Негізгі бағыттар

Адам құқықтары мен теңдікке арналған жиындар

Студенттік ЮНЕСКО клубының бастамалары

Мәдени бірлік мерекелері мен мәдениетаралық алмасулар

Халықаралық гуманитарлық ұйымдармен ынтымақтастық

Инклюзия мен элеуметтік еділеттілікке бағытталған оқушылар бастамалары

Осы тәсілдер арқылы біздің оқушылар мәдениетаралық құзыреттілігін арттырады. Сондай-ақ, олар ересек өмірде кездесетін күрделі жаһандық мәселелерді терең түсінуге қажетті сенімділікті, сөздік қорды және адамгершілік ұстанымды қалыптастырады. Олар Haileybury Astana мектебін тек әлемдік мәселелерден хабардар болып қана қоймай, оларды шешуге дайын әрі ынталы азамат ретінде аяқтайды.

Қоғамдық қызмет және әлеуметтік үлес

Haileybury Astana-дағы қоғамдық қызмет нақты әрі терең пайымдалған философияға негізделген. Біз үстірт немесе бірреттік іс-шараларға қарағанда, эмпатияға, шынайы ынтымақтастыққа және маңызды әрі жүйелі үлес қосуға баса назар аударамыз. Оқушылар тек қаражат жинаумен шектелмей, қоғамның қажеттіліктерін терең түсінуге, өзара құрметке негізделген тұрақты серіктестік орнатуға және өз уақыты мен шығармашылығын ұзақмерзімді өзгерістерге арнауға бағытталады.

Негізгі бастамалар:

- «Haileybury күні» аясында бейімделген спорт және инклюзия ұйымдарымен ынтымақтастық.
- Жануарларды қорғауды қолдау.
- «Рождестволық қайырымдылық» бастамасы аясындағы қайырымдылық акциялары мен волонтерлік күндер.
- Төмендегі жергілікті қоғамдық ұйымдармен серіктестік:



«SOS Балалар ауылы»

Астанадағы «Сенім Қамқор» қарттар үйі

Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы (УМС) жанындағы Балалар онкологиялық ауруханасы

«Светоч» балалар үйі

Арнаулы әлеуметтік қызметке мұқтаж балаларды қолдау орталығы



Бұл тәжірибе оқушылардың бойында жанашырлықты, азаматтық жауапкершілікті және практикалық көшбасшылық дағдыларды қалыптастырады.



Әл-ауқат, қауіпсіздік және тұлғалық даму

Оқушылардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігі (safeguarding) Haileybury Astana үшін екінші кезектегі мәселе емес — бұл біздің барлық қызметіміздің негізі. Біз бала өзін қауіпсіз, қолдаулы және құнды сезінбейінше, оның академиялық, әлеуметтік немесе рухани тұрғыдан дами алмайтынына толық сенімдіміз. Мектеп басшылығынан бастап әрбір мұғалім мен техникалық қызметкерге дейін бүкіл ұжым әрбір оқушының өсіп-өркендеуіне қолайлы орта құру жауапкершілігін бөліседі.

Негізгі бағдарламалар:

- Психикалық денсаулық туралы хабардарлық апталықтары және өзіне күтім жасау науқандары.
- Ұлыбританияның Психикалық денсаулық

Психикалық денсаулық альянсы

- Буллингке қарсы бастамалар мен ақпараттық іс-шаралар.
- Арт-терапия және шығармашылық апталықтары сияқты шаралар.

Бұл бағдарламалар эмоционалды интеллектіні, төзімділікті және оқушылар арасындағы өзара қолдау жүйесін дамытады, сондай-ақ біздің бала қауіпсіздігі мен инклюзияны қамтамасыз етуге деген ұстанымымызды нығайта түседі.

Серіктестік және Ынтымақтастық

Осы есепте көрсетілген нәтижелерге жалғыз жету мүмкін емес еді. Біздің жетістіктеріміз жергілікті, аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде мақсатты түрде құрылған серіктестік желісі арқылы нығайып, ауқымын кеңейтіп келеді:

- Жергілікті және аймақтық мектептер: BEACON жобасы және басқа деңгейлерде тәжірибе, ресурстар мен жаңа мүмкіндіктерді бірлесе бөлісеміз.
- Университеттер мен мұғалімдерді даярлау институттары: Оның ішінде Назарбаев Университеті де бар. Бұл серіктестік Қазақстанның жаңа буын педагогтарын кәсіби қалыптастыруға тікелей ықпал етуге мүмкіндік береді.
- Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар: Оқу бағдарламаларын өзірлеу және елдің білім беру саласындағы маңызды міндеттерін жүзеге асыру бағытында бірлесіп жұмыс істейміз.
- Коммерциялық емес және гуманитарлық ұйымдар: Олардың көмегімен оқушыларымыз Орталық Азиядағы ең өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысады.
- Өндіріс және тұрақты даму сарапшылары: Мамандардың шынайы тәжірибесі біз беретін білім сапасын байыта түседі.
- Халықаралық білім беру желілері: Бұл байланыстар Haileybury Astana мектебін білім берудің болашағы туралы жаһандық диалогтардың белсенді қатысушысына айналдырады.



Бұл ынтымақтастық — жай ғана ресми байланыс емес. Бұл оқушылардың дүниетанымын кеңейтетін, шынайы тәжірибе беретін және мектеп шеңберінен тыс жерде де үлкен нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін мақсатты серіктестік.

Нәтижелілік көрсеткіштері мен айғақтар

Біз есеп беру мәдениетін қоғам алдындағы шынайы жауапкершіліктің ажырамас бөлігі деп санаймыз. Жұмысты үздіксіз жақсарту және нақты нәтижені көрсету үшін біз сапалық пен сандық көрсеткіштерге тұрақты мониторинг жүргіземіз:

- Қоғамдық және волонтерлік бағдарламаларға оқушылардың қатысу көрсеткіші.
- IB CAS бағдарламасы аясында қоғамға қызмет ету мен көшбасшылыққа арналған сағаттар көлемі.
- Қайырымдылық бастамалары арқылы әлеуметтік жобаларға жиналған қаражат пен ресурстар.
- Экологиялық үлес: ЕСО клубы арқылы отырғызылған ағаштар мен азайтылған қалдықтар көлемі.
- Орнатылған және тұрақты сақталып келе жатқан серіктестіктер саны.
- Оқушылардың ішкі тұлғалық өзгерістерін көрсететін пікірлері мен эсселері.
- BEACON бастамаларының аймақтық ауқымы (қатысушылар саны, қамтылған мектептер мен географиясы).

Бұл көрсеткіштер жұмысымыздың ауқымын ынтымақтастық пен қоғамға тигізген нақты әсері арқылы бағалауға мүмкіндік береді. Осы деректер негізінде есеп беріп, болашақты жоспарлаймыз. Білім беру мақсаттарымызды жаһандық Тұрақты даму мақсаттарымен ұштастырып, әлеуметтік бастамаларымыздың сабақтастығын қамтамасыз етеміз. Бұл ашықтық Haileybury Astana мектебін Орталық Азиядағы оң өзгерістердің басты қозғаушы күшіне айналдырады.





Бала қауіпсіздігі және ИНКЛЮЗИЯ

Haileybury Astana әрбір баланың қадір-қасиетін, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауға толықтай кепілдік береді. Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету (safeguarding) — бұл жай ғана ережелерді орындау емес, мектеп өмірінің әрбір сәтіне енген адами әрі моральдық міндетіміз. Сыртқы әлеммен байланысымыздың әрдайым әдепті, инклюзивті және жауапты болуы үшін бұл принциптер біздің барлық қоғамдық бастамаларымыздың негізіне алынған.

Бұл міндетті күнделікті өмірде жүзеге асыру үшін біз халықаралық қауіпсіздік стандарттарын қатаң сақтаймыз және бала құқықтарын қорғау хаттамаларын қолданамыз. Біздің жүйеге мыналар кіреді: барлық мұғалімдер мен қызметкерлерді қатаң іріктеу (Safer Recruitment), тұрақты әрі міндетті тренингтер және кез келген мәселені өте шұғыл әрі құпия түрде шешетін нақты реттелген ішкі жүйе. Біз оқушылар өз ойын еркін айта алатын, ал әрбір ересек адам өз жауапкершілігін терең түсінетін «қырағылық мәдениетін» қалыптастырамыз. Қолжетімділік, әртүрлілік (diversity) және теңдік — Haileybury Astana үшін жай ғана әдемі сөздер емес, әрбір бағдарлама мен серіктестікте көрініс табатын нақты істер. Біз бұл бағытта өз алдымызға ең жоғары талаптар қоямыз және ашық есеп беруге әрдайым дайынбыз.

Осы негізгі құндылықтарды әлеуметтік жауапкершілік (CSR) жүйемізге енгізу арқылы білім беру ресурстарымыздың, сыртқы бағдарламаларымыздың және мектеп нысандарымыздың барлық адамдар үшін ашық әрі инклюзивті болуын қамтамасыз етеміз. Бұл бүкіл аймақта жаңа мүмкіндіктерге жол ашуға көмектеседі.

Міндеттемелерді іс жүзінде орындау

Қауіпсіз мектеп ортасы тек қағаздағы ережелермен шектелмейді; ол үздіксіз әрекетті, ашық есеп беруді және халықаралық озық тәжірибелерді бұлжытпай орындауды талап етеді. Haileybury Astana-да бала қауіпсіздігі жүйесі кампустың күнделікті жұмысына және сыртқы бағдарламаларға келесі төрт негізгі бағыт арқылы енгізілген:

1. Тіркеу және қатаң іріктеу

Біз мектепке келетін барлық мұғалімдерді, қызметкерлер мен мердігерлерді көпдеңгейлі тексеруден өткіземіз. Балалар қауіпсіздігі жөніндегі халықаралық стандарттарды сақтай отырып, оқушылармен жұмыс істейтін әрбір маманның кәсіби тарихы таза және бала құқығын қорғауға адал екеніне көз жеткіземіз.

2. Үздіксіз кәсіби даярлық

Қауіпсіздік хаттамалары үнемі жетілдіріліп отырады, біз де онымен бірге дамимыз. Барлық білім беру және әкімшілік құрам жыл сайын бала құқығын қорғау бойынша міндетті тренингтерден өтеді. Бұл біздің ұжымға бала мазасыздығын ерте анықтауға, олардың мәселесін кәсіби тұрғыда тыңдауға және ішкі жүйе арқылы шұғыл әрекет етуге мүмкіндік береді.

3. Оқушылардың құқықтары мен еркіндігі

Шынайы қауіпсіз орта — оқушылардың үні естілетін жер. Арнайы воркшоптар, жиындар мен оқу бағдарламасы аясында біз балаларды өз құқықтарына, жеке шекараларына және цифрлық қауіпсіздікке үйретеміз. Әр бала өз ойын сенімді әрі еркін айта алуы үшін қолжетімді және құпия байланыс арналарын ұсынамыз.

4. Қоғаммен әдепті байланыс орнату

Біздің әлеуметтік жауапкершілік (CSR) бастамаларымыз (BEACON жобасы, жергілікті мектептермен серіктестік және гуманитарлық жұмыстар) мектептен тыс жерде өтсе де, қауіпсіздік принциптері оқушыларымызбен бірге жүреді. Сыртқы ортамен байланыстың әдепті, инклюзивті және екіжақты қауіпсіз болуын қамтамасыз ету үшін әрбір сыртқы жобаның тәуекелдері алдын ала қатаң бағаланады.



Болашаққа көзқарас

«Біздің мақсатымыз — тек академиялық білімі жоғары ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік жауапкершілігі бар, жанашыр және әлемді жақсы жаққа өзгертуге дайын болашақ көшбасшыларды тәрбиелеу».

Осы есепте сипатталған жұмыстар — Haileybury Astana мектебі қол жеткізген және бүкіл ұжым мақтан тұтатын нәтижелер. Сонымен қатар, бұл біздің болашақ дамуымыздың іргетасы болып табылады. Алдағы жылдарға арналған мақсаттарымыз айқын:

- Мектептің тәжірибесі мен ресурстарын көбірек педагогтарға, оқушылар мен қауымдастықтарға жеткізу үшін BEACON бастамасын жаңа аймақтарда кеңейту.
- Орталық Азияның білім беру қауымдастығы арасында озық тәжірибелерді бөлісу мақсатында жыл сайынғы Бала әл-ауқаты мен қауіпсіздігі жөніндегі конференцияларды енгізу.
- Жас буын тек нәтижені көруші ғана емес, соның авторлары болуы үшін оқушылардың еркіндігі мен көшбасшылық мүмкіндіктерін нығайту.
- Экологиялық сана күнделікті өдетке айналуы үшін тұрақты даму қағидаларын барлық оқу бағдарламаларына интеграциялау.
- Оқушылардың сұраныстарына шұғыл жауап беру үшін бала қауіпсіздігі мен психикалық денсаулықты қолдау жүйесін күшейту.
- Серіктестеріміз бен қоғам алдында жұмысымыздың ашықтығын арттыру мақсатында нәтижелерімізді сапалы әрі нақты деректермен бөлісуді жетілдіру.







Haileybury Astana

www.haileybury.kz

+7 (7172) 55 98 55

Haileybury Astana білім беруде бала қауіпсіздігін басты орынға қояды.

 [hbastana](#)

 [haileyburyastana](#)

 [haileybury-astana](#)

 [HaileyburyAstanaOfficial](#)

 [HaileyburyAstana](#)

 [Haileybury Astana](#)